

Авторлар туралы мәліметтер:

Молдағалиева Мулдір Самиголлиевна* – PhD докторант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан Республикасы, 050000 Алматы қ., Төле би көш., 31, тел.: 87771951497, e-mail: muldir_84kz@mail.ru.

Жиенбаева Надежда Бисеновна – психология ғылымдарының докторы, профессор, Арнайы педагогика кафедрасы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан Республикасы, 050000 Алматы қ., Төле би көш., 31, тел.: 87778360055, e-mail: zh_nadejda@mail.ru.

Байдалиев Куатбек Абуталипович – педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, 090000 Орал қ., Қазақстан Республикасы, Жәңгір хан көш. 51, тел.: 87778725267, e-mail: baj-kuatbek@mail.ru.

Молдағалиева Мулдір Самиголлиевна* – PhD докторант, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Республика Казахстан, 050000 г. Алматы, ул. Төле би 31, тел.: 87771951497, e-mail: muldir_84kz@mail.ru.

Жиенбаева Надежда Бисеновна – доктор психологических наук, профессор, кафедра специальной педагогики, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Республика Казахстан, 050000 г. Алматы, ул. Төле би 31, тел.: 87778360055, e-mail: zh_nadejda@mail.ru.

Байдалиев Куатбек Абуталипович – кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор, Западно-Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана, 090000 г. Уральск, Республика Казахстан, ул. Жангир хана 51, тел.: 87778725267, e-mail: baj-kuatbek@mail.ru.

Moldagaliyeva Muldir Samigolliyevna* – PhD student, Abai Kazakh National Pedagogical University, Republic of Kazakhstan, 050000, Almaty, 31 Tole bi Str., tel.: 87771951497, e-mail: muldir_84kz@mail.ru.

Zhiyenbayeva Nadezhda Bissenovna – Doctor of Psychological Sciences, Professor of the Department of special pedagogy, Abai Kazakh National Pedagogical University, Republic of Kazakhstan, 050000, Almaty, 31 Tole bi Str., tel.: 87778360055, e-mail: zh_nadejda@mail.ru.

Baidaliyev Kuatbek Abutalipovich – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Zhangir Khan West Kazakhstan Agrarian-Technical University, Republic of Kazakhstan, 090000, Uralsk, 51 Zhangir Khan Str. 51, tel.: 87778725267, e-mail: baj-kuatbek@mail.ru.

XFTAP 14.29.05

ӨОЖ 376.112.4

<https://doi.org/10.52269/NTDG2542202>

БОЛАШАҚ АРНАЙЫ ПЕДАГОГТЕРДІ КҮРДЕЛІ БҰЗЫЛЫСЫ БАР БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУГЕ ДАЯРЛАУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Мукажанова Э.Т.* – PhD докторанты, Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы.

Абаева Г.А. – педагогика ғылымының кандидаты, профессор, Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы.

Елімізде арнайы мектепке дейінгі және арнайы мектеп ұйымдарының, психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестер, психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері, оңалту орталықтары, аутизм орталықтары белсенді ашылып жатыр. Демек, жоғары оқу орындарында арнайы педагогтерді даярлау бойынша (бакалавр, магистратура, докторантура) мемлекеттік гранттардың жылдан жылға көбейіп жатқаның байқауға болады. Зерттеу мақсаты – болашақ арнайы педагогтердің күрделі бұзылысы бар балалармен жұмыс істеуге көзқарасын айқындау. Зерттеу міндеті – болашақ арнайы педагогтерді күрделі бұзылысы бар балалармен жұмыс істеуге даярлаудың шетелдік зерттеу жұмыстарын талдау, болашақ арнайы педагогтердің күрделі бұзылысы бар балалармен жұмыс істеуге көзқарасы мен даярлығын айқындау. Ғылыми зерттеу мақаланың теориялық бөлімінде шетелдік және отандық ғылыми зерттеу жұмыстарындағы «даярлау» және «кәсіби даярлау» ұғымдарының мәні талданып, нәтижесінде салыстырмалы кесте құрылды. Арнайы білім беру ұйымдарының дамуына талдау жасалынып, сандық көрсеткіштері ұсынылды. Және де соңғы үш жылдағы жоғары оқу орындарында арнайы педагогтерді даярлаудағы мемлекеттік грант көрсеткіштері зерделеніп, статистикалық талдау жасалынды. Талдау нәтижесінде қазіргі таңда арнайы педагогика мамандығы бойынша мамандарды даярлау сұранысқа ие мамандықтардың бірі екендігін көрсетеді. Ғылыми мақаланың эмпирикалық зерттеу бөлімінде болашақ арнайы педагогтердің күрделі бұзылысы бар балалармен жұмыс істеудегі теориялық

білімдерін, практикалық тәжірибесін айқындау мақсатында арнайы сауалнама жүргізілді. Сауалнама шетелдік әдістемесі «Лейкерт» арқылы жүргізілді. Әрбір сұрақ мәлімдеме ретінде тұжырымдалып, ал респондент келісім дәрежесін шкала бойынша бағаланды. Сауалнама нәтижесінде болашақ арнайы педагогтердің күрделі бұзылысы бар балалар туралы теориялық білімнің бар екендігін көрсетеді. Бірақ, арнайы педагогтердің түзете дамыту жұмысын жүргізу үшін педагогикалық құзыреттілігін арттыру қажеттігін көрсетеді.

Түйінді сөздер: даярлау, мемлекеттік грант, білім беру бағдарламасы, арнайы білім беру мекемелері, бакалавр.

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ПОДГОТОВКИ БУДУЩИХ СПЕЦИАЛЬНЫХ ПЕДАГОГОВ К РАБОТЕ С ДЕТЬМИ СО СЛОЖНЫМИ НАРУШЕНИЯМИ

Мукажанова Э.Т.* – PhD-докторант, Казахский национальный педагогический университет им. Абая, г. Алматы, Республика Казахстан.

Абаева Г.А. – кандидат педагогических наук, профессор, Казахский национальный педагогический университет им. Абая, г. Алматы, Республика Казахстан.

В стране активно открываются специальные дошкольные и специальные школьные организации, центры психолого-медико-педагогических консультаций, кабинеты психолого-педагогической коррекции, реабилитационные центры, центры поддержки аутизма. Следовательно, можно наблюдать увеличение государственных грантов по подготовке специальных педагогов в вузах (бакалавриат, магистратура, докторантура). Цель исследования – определить отношение будущих специальных педагогов к работе с детьми со сложными нарушениями. Задача исследования – проанализировать зарубежные исследовательские работы по подготовке будущих специальных педагогов и определить готовность будущих специальных педагогов к работе с детьми со сложными нарушениями. В теоретической части научно-исследовательской статьи проанализировано значение понятий «подготовка», «профессиональная подготовка» в зарубежных и отечественных научно-исследовательских работах, в результате составлена сравнительная таблица. Проведен анализ развития специальных организаций образования, представлены количественные показатели. Также изучены и статистически проанализированы показатели государственного гранта для подготовки специальных педагогов в вузах за последние три года. Анализ показывает, что в настоящее время подготовка специалистов по специальности специальный педагог является одной из востребованных специальностей. В разделе эмпирического исследования проведен специальный опрос с целью выявления теоретических знаний, практического опыта будущих специальных педагогов в работе с детьми со сложными нарушениями. Опрос проводился по зарубежной методике "Лайкерт". Каждый вопрос был сформулирован как утверждение, степень согласия респондента оценивалась по шкале. Результаты исследования показывают, что будущие педагоги специального образования обладают теоретическими знаниями о детях со сложными нарушениями развития, однако указывают на необходимость повышения их педагогической компетентности для проведения коррекционно-развивающей работы.

Ключевые слова: подготовка, государственный грант, образовательная программа, специальные учебные заведения, бакалавр.

PEDAGOGICAL ASPECTS OF PREPARING FUTURE SPECIAL EDUCATORS TO WORK WITH CHILDREN WITH SEVERE DISABILITIES

Mukazhanova E.T.* – PhD student, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Republic of Kazakhstan.

Abayeva G.A. – Candidate of Pedagogical Sciences, Professor, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Republic of Kazakhstan.

Special preschool and special school organizations, psychological, medical, and pedagogical consultations, psychological and pedagogical correction offices, rehabilitation centers, and autism support centers are actively opening in the country. Consequently, we can observe an increase in state grants for training special educators at universities (bachelor's, master's, doctorate). The research purpose is to determine the attitude of future special educators to working with children with severe disabilities. The research tasks include analyzing foreign experience related to training future special educators and identifying their attitudes and readiness to work with children with severe disabilities. In the theoretical section of the research article, the concepts of "training" and "professional training" were analyzed based on foreign and domestic scholarly works, resulting in the development of a comparative table.

An analysis of the development of special education institutions was carried out, and quantitative indicators were presented. Additionally, the indicators of state grants for training special educators in universities over the past three years were examined and statistically analyzed.

The analysis shows that currently the training of special educators is among the most in-demand fields. In the empirical section of the study, a dedicated survey was conducted to identify the theoretical knowledge and practical experience of future special education teachers in working with children with complex developmental disabilities. The survey was based on the Likert scale methodology. Each item was formulated as a statement, and respondents rated their level of agreement using a scale. The results indicate that future special educators possess theoretical knowledge about children with complex developmental disabilities; however, they highlight the need to improve their pedagogical competence in order to carry out corrective and developmental work effectively.

Key words: training, state grant, educational program, special educational institutions, bachelor.

Кіріспе. Соңғы онжылдықта елімізде жоғары оқу орындарының жаңа форматтағы білім беру реформасы қарқынды жүріп жатыр. Бұл өзгерістер жоғары оқу орындарында заманауи болашақ арнайы педагогтерді даярлаудың мақсат және міндеттерін қайта қарастыруға ықпал етеді. Арнайы білім беру саласындағы өзекті мәселелерінің бірі – күрделі бұзылысы бар балалармен жұмыс жүргізе білетін білікті кадрларды даярлау. Бұл болашақ арнайы педагогтің тек терең теориялық дайындықты ғана емес, сонымен қатар күрделі бұзылысы бар балаларға диагностика жүргізудің заманауи әдістерін меңгеруді, күрделі бұзылысы бар баламен, оның отбасымен дұрыс қарым-қатынас орната білудің дағдыларын игеруді талап етеді.

Қазіргі уақытта жоғары оқу орындарының теориясы мен тәжірибесінің өзекті мәселесі болашақ арнайы педагог мамандарға сай кәсіби маңызды педагогикалық құзылеттіліктерді қалыптастыру процесі болып табылады. Арнайы педагогтардың педагогикалық құзылеттіліктерді және тұлғалық қасиеттерді анықтау білім беру бағдарламасында әр түрлі тұрғыдан қарастырылады. Кәсіби маңызды сапалар – бұл ең алдымен болашақ арнайы педагог өзінің кәсіби қызметін тиімді орындау үшін меңгеруі тиіс білім, білік, дағдылардың жиынтығы.

Дамуында күрделі бұзылысы бар балалармен жүйелі жұмыс жасай алатын болашақ арнайы мұғалімдерді жан-жақты дайындау бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып табылады.

Жоғарыда аталған мәселелерді ескере отырып, **мақаланың мақсаты** – жоғары оқу орындарындағы болашақ арнайы педагогтердің күрделі бұзылысы бар балалармен жұмыс істеуге көзқарасын айқындау және оның тиімді жолдарын көрсету.

Мақала міндеттер:

- «Даярлау», «кәсіби даярлау» ұғымының мәнін ашу;
- Жоғары оқу орындарында болашақ арнайы педагогтерді күрделі бұзылысы бар балалармен жұмыс істеуге кадрларды даярлау мәселелерін зерттеген ғалымдардың ғылыми зерттеулеріне талдау жасау;
- Жоғары оқу орындарындағы болашақ арнайы педагогтердің күрделі бұзылысы бар балалармен жұмыс істеуге көзқарасы мен даярлығын айқындау.

Зерттеу әдістері мен материалдар. Зерттеу тақырыбының теориялық базасын талдау мақсатында Web of Science, Scopus халықаралық ғылыми зерттеу жұмыстары сараланып, Жоғары оқу орындарындағы болашақ арнайы педагогтерден «Лайкерт» әдістемесі арқылы сауалнама алынып, нәтижесі ұсынылды. Әдістеменің ерекшелігі – бұл респонденттердің көзқарастарын, қызығушылықтары мен пікірлерін бағалау үшін қолданылатын сауалнама шкаласы. Әрбір сұрақ мәлімдеме ретінде тұжырымдалады, ал респондент келісім дәрежесін шкала бойынша бағалауы керек, мысалы: «1-толығымен келіспеймін»; «2-жауап беруге қиналамын»; «3-келіспеймін»; «4-толық келісемін». Зерттеу тақырыбы арнайы педагогтерді күрделі бұзылысы бар балалармен жұмыс істеуге даярлау болғандықтан, ғылыми мақаланы біздің басты термин «даярлау», «кәсіби даярлау» болып табылады.

Зерттеу тақырыбы арнайы мамандарды даярлау болғандықтан біздің басты термин «даярлау», «кәсіби даярлау» болып табылады.

Zeiger пікірінше, мұғалімдер оқу бағдарламасының негізгі орындаушылары болып табылады; сондықтан олар оқу ортасын құру және барлық компоненттерді біріктіру үшін айтарлықтай білімге, дағдыларға ие болуы керек. [1, б. 32].

Valli and Rennert-Ariev's болашақ мұғалімдерді даярлауда көпмәдениеттілікке баса назар аударуға қатысты ең күшті консенсусты ұсынды. J. I. Bardón, N. Vass, A. Valleçorsa жаһанда болып жатқан өзгерістерге білікті мамандарды даярлау үшін оқыту бағдарламалары арнайы білім беру мұғалімдерін дайындаумен байланысты кәсіби құзыреттіліктермен қатар зерттеу қағидаларын меңгерген мамандар болуы қажет [2, б. 702].

Педагогикалық сөздіктерде «даярлау» ұғымы – бұл білім беру жүйесін игеруге, іскерлік пен дағдыларды жетілдіруге бағытталған оқу субъектілерінің өзара әрекеттесуінің арнайы ұйымдастырылған үдерісі.

Ресейлік ғалымдар өз зерттеу жұмыстарында кәсіби даярлау ұғымын төмендегідей сипаттайды:

- бұл арнайы білім жүйесіне, жалпы және арнайы дағдыларға, кәсіби іс-әрекеттерді шығармашылықпен орындау қабілетіне ие болу үрдісі [3, б. 64];


- арнайы педагогтердің кәсіби қызметке жеке дайындығы туралы идеяларды кеңейтуге жол ашты, ол төмендегідей құрамды бөліктерін ұсынған: қарым-қатынас белсенділік; әлеуметтік бағыттылық; қабылдау дағдылары, интерактивті дайындық. Зерттеудің мақсаты – арнайы білім беру мұғалімдерінің әлеуметтік перцептивтік қасиеттерін анықтау болды. Сонымен қатар, ғалым арнайы мектеп мұғалімдерінің қабылдау қабілетін дамыту үшін психокоррекциялық бағдарлама да жасады. Жалпы «даярлау», «кәсіби даярлау» ұғымының мәнін төмендегі кестеден көре аламыз (1-кесте).

1 кесте – «Даярлау», «кәсіби даярлау» анықтамаларына талдау

Даярлау	Кәсіби даярлау
➤ Даярлау – білімді меңгеруге және іскерліктер мен дағдыларды дамытуға бағытталған, сандық және сапалық өзгерістерге әкелетін, жеке тұлғаның рухани қасиеттерінің жиынтығын түрлендіру мен жетілдіруге бағытталған оқыту субъектілерінің (білім беруші – білім алушы) өзараәрекеттесудің арнайы ұйымдастырылған, біртұтас, жан-жақты, мақсатты және бақыланатын, тұлғаға бағытталған үдеріс [4, б.84]. ➤ Даярлау "белгілі бір дағдыны игерту" синонимі ретінде ғана емес, кеңірек мағынада білім алушының негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыруды басқарудың негізгі өзегі ретінде қарастырылады [5, б.197]. ➤ Жеке тұлғаның оқыту үрдісі мен тәжірибе алмасу барысындағы игерген біліктілік [6, б.120].	➤ Кәсіби даярлау – бұл нақты ортада еңбек қызметтерін орындау үшін кәсіби қызметтің әдістерін қалыптастыруға бағытталған. Кәсіби даярлаудың нәтижесі – кәсіби сауаттылық, яғни жеке тұлғаның болашақта заманауи қоғамдық ортаға бейімдеуге қажетті білім, білік, дағдының өзегі [7, б.24]. ➤ Білімнің, дағдының, біліктіліктің, жұмыс тәжірибесі мен мінез-құлық нормаларының, таңдаған мамандығы бойынша табысты жұмыс істеу қабілетінің арнайы жиынтығы [8, б.130]. ➤ Тұлғаның кәсіби қалыптасуына және оның осы қызмет түріне кәсіби даярлануына ықпал ететін ұйымдастырушылық-педагогикалық шаралар жүйесі түріндегі білім, білік және дағдының бағыты [9, б.920]. ➤ Белгілі бір мамандық аясында қызмет етуге жол беретін білім, білік және дағдыны меңгеру үрдісі ретінде қарастырылады [10, б.1079].

Елімізде ерекше білім алуды қажет ететін балалармен жұмыс жасайтын мекемелер саны күннен күнге көбейюде. Қазіргі таңда арнайы білім беру мекемелер саны 508. Оның ішінде облыстар мен қалалар бойынша [11]:

- Арнайы мектепке дейінгі ұйымдар – 45;
- Арнайы мектеп ұйымдары – 99;
- Психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестер – 110;
- Психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттері – 230;
- Оңалту орталықтары – 13;
- Аутизм орталығы – 11 (1-сурет).



1 сурет – Қазақстан Республикасындағы арнайы білім беру ұйымының сандық көрсеткіші

Бұл мекемелерді арнайы білікті мамандармен қамтамасыз ету мемлекеттің басты міндеттерінің бірі болып табылады. Сондықтан да салыстырмалы түрде соңғы үш жылда арнайы педагогика мамандығына жоғары оқу орын және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру орындарына түскен түлектерінің көрсеткіштерін көре аламыз (2- кесте, 3-кесте).


2 кесте – Жоғары оқу орынан кейінгі арнайы педагогтерді даярлау бойынша (магистр, докторантура) мемлекеттік гранттар

Оқу жылы	Даярлау бағытының код мен классификациясы	Код	Білім беру бағдарламаларының атауы	Барлығы
2022-2023	7M019 Арнайы педагогика	M021	Арнайы педагогика	150
2023-2024	7M019 Арнайы педагогика	M021	Арнайы педагогика	150
2024-2025	7M019 Арнайы педагогика	M021	Арнайы педагогика	150
PhD докторантура				
2022-2023	8D019 Арнайы педагогика	D021	Арнайы педагогика	20
2023-2024	8D019 Арнайы педагогика	D021	Арнайы педагогика	20
2024-2025	8D019 Арнайы педагогика	D021	Арнайы педагогика	13

3 кесте – Жоғары оқу орындарында арнайы педагогтерді даярлау бойынша (бакалавр) мемлекеттік гранттар

Оқу жылы	Даярлау бағытының код мен классификациясы	Код	Білім беру бағдарламаларының атауы	Барлығы	Мектептен кейінгі (4 жыл)	Қысқартылған
					Барлығы	Барлығы
2022-2023	6B019 Арнайы педагогика	B020	Арнайы педагогика	350	290	60
2023-2024	6B019 Арнайы педагогика	B020	Арнайы педагогика	350	290	60
2024-2025	6B019 Арнайы педагогика	B020	Арнайы педагогика	480	447	33

Соңғы жылдары арнайы педагогтерді даярлау сұранысқа ие мамандықтардың қатарына қосуға болады. Тіпті қысқартылған деңгейге де, арнайы мамандарды даярлау бағытындағы мемлекеттік гранттардың саны кем емес екенін көруге болады. Соңғы жылдық көрсеткіш бойынша арнайы педагогтердің ғылыми зерттеу жұмыстарымен айналысуға да мүмкіндік берілген (2-сурет).




2 сурет – 2022-2025 оқу жылындағы Жоғары оқу орындарында арнайы педагогтерді даярлау бойынша мемлекеттік гранттар көрсеткіштері

Зерттеу нәтижелері мен талқылау. Арнайы білім беру саласындағы өзекті мәселелерінің бірі – күрделі бұзылысы бар балалармен жұмыс жүргізе білетін білікті кадрды даярлау. Оның ішінде елімізде қарқынды саны өсіп жатқан аутизм спектріне бұзылысы бар балалар. Аутизм спектрінің бұзылуы – бұл дамудың күрделі бұзылыстарының құрылымында маңызды орын алады, олар әдетте басқа бұзылулармен бірге жүреді: зиятының бұзылуы, сенсомоторлы және сөйлеудің ауыр бұзылыстары, мінез-құлық және эмоционалдық қиындықтар. Бұл болашақ арнайы педагогтің тек терең

теориялық дайындықты ғана емес, сонымен қатар диагностика жүргізудің заманауи әдістерін меңгеруді, күрделі бұзылысы бар баламен, оның отбасымен дұрыс қарым-қатынас орната білудің дағдыларын игеруді талап етеді. Сондықтан да біз зерттеу жұмысымызда болашақ арнайы педагогтердің дамуында күрделі бұзылысы бар балалар, оның ішінде аутизм спектріінде бұзылысы бар балалармен түзету жұмыстарын жүргізуге деген көзқарасын анықтау мақсатында арнайы сауалнама даярланды. Зерттеу мақсаты – болашақ арнайы педагогтердің күрделі бұзылысы бар балалар туралы теориялық білімдерін, осы топтағы балалармен жұмыс істеуге көзқарасын айқындау. Сауалнамаға Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті және Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің бітіруші түлектері қатысты. Респонденттер саны – 40.


Сауалнама «Лайкерт» әдістемесі арқылы алынды. Әрбір сұрақ мәлімдеме ретінде тұжырымдалады, ал респондент келісім дәрежесін шкала бойынша бағалауы керек, мысалы: «1-толығымен келіспеймін»; «2 – жауап беруге қиналамын»; «3 – келіспеймін»; «4 – толық келісемін». Сауалнама респонденттерге мына сілтемесі негізінде таратылды <https://docs.google.com/forms/d/11mPg9Xeg1WKLWHRxEruW9vR5louqozyc4qaTNLDmKW8/edit>.

Сонымен қатар бітіруші түлектердің ақпараттану деңгейін айқындау мақсатында жеке сұрақ жауап алынды. Төменде арнайы сауалнаманың нәтижесі қарастырылмақ. Бірінші сұрағымыз «Арнайы білім беру бағдалмасы негізіндегі мамандығыңыз қандай?». Сауалнама нәтижесінде дерлік барлық мамандықтар қатысты. Арнайы педагог – 73.4%, оның ішіндегі логопед – 13.3%, тифлопедагог – 13.3%. Респонденттердің жауабы төмендегідей (3-сурет).



3 сурет – Арнайы білім беру бағдарламасы бойынша мамандығы


Күрделі бұзылысы бар балалармен түзету жұмыстарын жүргізу үшін арнайы мамандарда алғашқы ақпарат болуы керек. Келесі сұрағымыз «Екі немесе одан да көп бұзылыстың қатар жүруі – күрделі бұзылыс деп аталады». Сұрақтардың жауабы төмендегідей. Демек, бітіруші түлектің «күрделі бұзылыс» ұғымын толыққанды ақпараттары бар. Жоғары оқу орындарында күрделі бұзылысы бар балалар туралы ақпараттарын тереңдету білімдерін кеңейту үшін элективті пән «Күрделі бұзылысы бар балалардың психофизиологиялық дамуы» бар. Сондықтан да респонденттердің жауабы «Толық келісемін – 100%» (4-сурет).



4 сурет – Екі немесе одан да көп бұзылыстың қатар жүруі – күрделі бұзылыс деп аталады


Күрделі бұзылысы бар баламен жемісті жұмыс жүргізу, баланың мүмкіндігі мен қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін арнайы маманның бұзылыстың медициналық шығу тегін білуі қажет. Арнайы білім беру бағытында даярланатын бағдарламаға медициналық бағыттағы пәндерді көбірек қосқан жөн. Келесі сұрағымыз «Күрделі бұзылыстың пайда болу себептері: тұқымқуалаушылық, эндогендік және экзогендік факторлар». Респонденттердің жауаптарын қарастырайық. Жауаптарға қарасақ, «толық келісемін – 87%», яғни респонденттер күрделі бұзылыстың шығу тегін біледі деген қорытынды

шығаруға болады. Кез келген бұзылыстың медициналық шығу тегі болады. Мысалы, зиятының күрделі зақымдалуы – мидың органикалық зақымдалу салдарынан пайда болады (5–сурет).



5 сурет – Күрделі бұзылыстың пайда болу себептері: тұқымқуалаушылық, эндогендік және экзогендік факторлар

Болашақ арнайы педагогтердің күрделі бұзылысы бар балалармен жұмыс жасауға деген пікірлері айқындалды. Білім алуында қиындықтары бар балалармен жемісті жұмыс жүргізу үшін ең бірінші маманның көзқарасы оң болуы қажет. Сондықтан да арнайы білім беру саласында педагогтің білім алушыға деген көзқарасы маңызды орын алады. Ерекше қажеттілігі бар балалармен жұмыс жасайтын педагог ең бірінші баланың жасына емес, оның мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін ескеру қажет. Сондықтан келесі сұрағымыз маңызды деп ойлаймын «Болашақта мен күрделі бұзылысы бар балаларды жиі кездестіремін, өйткені олардың саны өсуде». Респонденттердің «Толық келісемін – 73%» деп жауап берді. Респонденттердің «келіспеймін – 7%» деп жауап берді. Бұл білім алушылардың күрделі бұзылысы бар балалармен жұмыс жасауға деген қорқыныштың бар екенін көрсетеді. Сонымен қатар тек жеңіл бұзылысы бар балалармен жұмыс жасауға дайын екендігін байқатады. Респонденттердің «20%-жауап беруге қиналамын» деп жауап берді. Бұл топтағы респонденттер бітіріуші курс болғандықтан, өз саласы бойынша жұмыс жасайтынын, мысалы (Логопед – тек жалпы сөйлеу тіліндегі бұзылысы бар баламен, яғни алғашқы жұмыс тәжірибелерін жеңіл түрдегі бұзылысы бар балалармен жұмыс жүргізуді жөн көреді). Респонденттердің күрделі бұзылысы бар балалармен жұмыс жасауға дайын екенін және олар туралы ақпараттардың бар екенін көруге болады. Яғни, теориялық білімнің толыққанды екенін көрсетеді (6 – сурет).



6 сурет – Болашақта мен күрделі бұзылысы бар балаларды жиі кездестіремін, өйткені олардың саны өсуде

Арнайы маманның теориялық білімді толық меңгергенін педагогикалық практикалардан көре аламыз. Келесі сұрағымыз білім алушының практикалық біліктілігін айқындауға бағытталған: «Күрделі бұзылысы бар баланы тексеру (диагностика жүргізу) кезінде қиындыққа тап болмаймын?». Респонденттердің «20% – Толық келісемін» деп жауап берді. Бұл білім алушылардың педагогикалық практика барысында ішінара кездескенін көрсетеді. Жалпы мектепке дейінгі және мектеп ұйымдарында білім алып жатқан аутизм спектрінде бұзылысы бар балалар жиі кездесетінін көрсеткен. Респонденттердің «40% – келіспеймін» деп жауап берді. Яғни, теориялық білімнің болғанымен, тәжірибе барысында қорқыныштың тудыратыны сөзсіз. Бұл топтағы білім алушылар күрделі бұзылысы бар балалармен жұмыс жүргізу үшін қосымша тағы да біліктілікті көтеру курстары қажет деген пікірде. Сонымен қатар, тек мектептерде ғана емес, әртүрлі оңалту орталықтары, түзету кабинеттерден тәжірибе өту қажет екендігін


көрсетеді. Ал білім алушылардың «13% – жауап беруге қиналамын», «27% – толық келіспеймін» деп жауап берді. Бұл жауаптар бойынша респонденттер әлі де күрделі бұзылысы бар балалармен жұмыс жасауға толыққанды даяр еместігін байқауға болады. Ескеретін жағдай, жоғары оқу орындарында күрделі бұзылысы бар балаларды оқыту мен тәрбиелеу бағытындағы пәні бар, алайда, бөлінген сағат (3-5 ECTS) аз екендігін ескере кеткен жөн (7-сурет).



7 Сурет – Күрделі бұзылысы бар баланы тексеру (диагностика жүргізу) кезінде қиындыққа тап болмаймын

Дамуында күрделі бұзылыс болғандықтан, мұндай топтағы балалармен мамандар кешенді жұмыс жасау қажет. Балаға жеке дамыту бағдарламасын жасамай тұрып ұжымдық бағалау жасалынып, түзету көмегін ұйымдастыруда арнайы мамандардың кеңестері болуы қажет. Сондықтан да, бұл топтағы баламен жемісті жұмыс жүргізуде командалық бағалаудың алатын рөлі зор. Келесі сұрағымыз, «Күрделі бұзылысы бар балаларға диагностика жасау барысында барлық мамандар қатысу керек (Логопед, арнайы педагог, тифлопедагог, сурдопедагог)».

Респонденттердің «73%-Толық келісемін» деп жауап берді. Жоғары оқу орын бітіруші түлектері күрделі бұзылысы бар балаларға тек бір маманның түзету жұмысы ғана емес, керсінше кешенді көмек қажет екендігін түсінеді. Күрделі бұзылысы бар балалар тек педагогикалық ғана емес, медициналық көмек қажет. Невропатолог, ортапед, остеопат, психатор және т.б. Респонденттердің «20%-жауап беруге қиналамын», «7%-толық келіспеймін» деп жауап берді, себебі бұл топтағы мамандардың пікірі бойынша, бала бойындағы тек негізгі бұзылысы бойынша жұмыс жасау қажет екендігін және командалық бағалау көбінесе оңалту орталықтарында жүргізілетінін атап өтті (8-сурет).




8 Сурет – Күрделі бұзылысы бар балаларға диагностика жасау барысында барлық мамандар қатысу керек (Логопед, арнайы педагог, тифлопедагог, сурдопедагог)

Күрделі бұзылыс – бұл бала бойында екі немесе одан да көп бұзылыстардың ұштасуы. Яғни, бұл топтағы балалармен жұмыс жасаудың әдістерін мұқият қолдану қажет. Келесі сұрағымыз: «Күрделі бұзылысы бар баламен түзету жұмыстарын тиімді жүргізудің дәстүрлі және заманауи әдістерді қолдана аламын». Респондент жауаптары төмендегідей:

«73%-Толық келісемін» деп жауап берді. Күрделі бұзылысы бар балалармен жұмыс жасауға дайын екендігін көрсетеді. Күрделі бұзылысы бар балалармен түзету жұмыстарында ірі және ұсақ моторикасын, сөйлеу тілін, танымдық үрдісін, эмоциялық қарым-қатынас жасау дағдыларын дамытуға арналған әдістерді қолдану маңызды. Дегенмен, алдағы сұрақтар жауап берудегі жауаптарға қарама-

қайшылық туындатып тұр. Респонденттердің «20% – жауап беруге қиналамын», бұл топтағы респонденттердің жауаптары бойынша күрделі бұзылысы болғандықтан, түзету жұмыстарын жүргізу барысында мұқияттылық таныту қажет екендігін көрсетеді, тек бір әдістің жеткіліксіз екендігін көрсетеді. «7% – толық келіспеймін» деп жауап берді. Себебі, қазіргі таңда күрделі бұзылыстың құрылымы күрделенуде. Сондықтан да, күрделі бұзылысы бар балалармен жұмыс жүргізу бағытталған арнайы біліктілікті көтеру курстарынан өту қажет деген пікірде (9-сурет).



9 Сурет – Күрделі бұзылысы бар баламен түзету жұмыстарын тиімді жүргізудің дәстүрлі және заманауи әдістерді қолдана аламын

Талқылау. Заманауи арнайы педагог – күрделі бұзылысы бар баланың білім алуына, біліктілігін арттыруына, әлеуметтік ортаға бейімделеуіне, олардың ата-аналарына қолдау көрсетіп, кеңес бере алатын, заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана білетін білікті маман.

Отандық ғалым Сагитова Ж.М. студенттердің оқу практикасында өзара іскерлік қарым-қатынас орнатуы педагогикалық қызметке әдістемелік дайындығын арттырады [12, б.75].

Мовкебаева З.А. болашақ арнайы педагогтердің арнайы және инклюзивті білім беру жағдайында ерекше қажеттілігі бар балалармен түзете дамыту жұмыстарын тиімді жүргізу үшін тәжірибеге бағытталған оқытуды арттыру қажеттілігі өзекті мәселе екенін атап өткен. Өндірістік-педагогикалық тәжірибеге бағытталған оқытуды кеңейту қажеттілігі өзекті болып келеді. Бұл тек оқыту тәжірибесінің көлемін ұлғайтуды ғана емес, сонымен қатар теориялық бөлігі университетте оқытылатын, ал практикалық бөлігі ерекше балалар білім алатын мекемесінде оқытылатын дуалды білім беру элементтерін енгізу [13, б. 215].

Оразаева Г.С. Мичиган университетінде болашақ арнайы педагогтерді даярлау ерекшеліктерін зерттеген. Жоғары оқу орындарындағы білім беру бағдарламасы жұмыс берушілердің сұранысы негізінде өзгертіліп отырады және ғылыми тағылымнамадан өту маңызды факторлардың бірі екендігін көрсеткен. Ғылыми тағылымнама кемінде бір жыл өту қажет. Бұл ғылыми тәжібие білім алушының толық теориялық білімін тәжірибеде көрсетіп, кәсіби сертификат алуына ықпал етеді [14, б. 195].

Болашақ арнайы педагогтерді күрделі бұзылысы бар балалармен жұмыс жүргізуге даярлау үнемі жаңартулар мен өзгеріс енгізуді талап етеді. Себебі, соңғы жылдары бұзылыс түрлері әртүрлі сипатқа ие және күрделі бұзылыстың жаңа түрлері пайда болуда. Мысалы, аутизм спектрінде бұзылысы бар оған қосалқы зиятының зақымдалуы және т.б. Бұл тақырыптың күрделі, алуан түрлі екенін ескере отырып, біз оны одан әрі жан-жақты зерттеуді қажет етеді деп санаймыз.

Қорытынды. Жоғарыда көрсетілген теориялық талдау мен зерттеу жұмыстарының нәтижесі негізінде төмендегідей қорытынды жасауға болады:

✓ Зерттеу тақырыбы бойынша «Даярлау», «кәсіби даярлау» ұғымдарының мәні зерделенді, салыстырмалы кесте құрылды. Зерттеу тақырыбы аясында алыс және жақын елдегі зерттеу жұмыстарға теориялық-әдіснамалық талдау жасалынды;

✓ Сауалнама нәтижесінде білім алушылар күрделі бұзылысы бар балалар туралы ақпараттарының бар екенін көрсетті. Алайда, күрделі бұзылысы бар балалармен тиімді және нәтижелі жұмыс жүргізу үшін практикалық тәжірибелерді көбейту. Демек, болашақ арнайы педагогтердің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру қажет.

✓ Болашақ арнайы педагогтердің педагогикалық практикасы тек арнайы мектепке дейінгі және мектеп ұйымдарында ғана емес, ПМПК, КППК, медициналық орталықтардан, жалпы білім беру ұйымдарынан (инклюзивті білім беру) педагогикалық тәжірибенің санын ұлғайту маңызды.

✓ Жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламасына болашақ арнайы педагогтің күрделі бұзылысы бар балалармен түзете-дамыту жұмыстарын жүргізуге қажетті педагогикалық құзыреттілікті қалыптастыратын элективті пән енгізу немесе қарастырылған пәннің кредит санын ұлғайту.

Қаржыландыру көзі. Бұл зерттеуді Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырады (грант № BR28712661 – Аутистік спектр бұзылыстары бар білім алушыларды көшенді үздіксіз қолдаудың ұлттық жүйесі).

ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1 Isaboke H., Mweru M., Wambiri G. Teacher Preparedness and Implementation of the Competency Based Curriculum in Public Pre-Primary Schools in Nairobi City County, Kenya [Text] / H. Isaboke, M. Mweru, G. Wambiri // International Journal of Current Aspects. – 2021. – Vol. 5, Iss. 3. – pp. 32-53. DOI: <https://doi.org/10.35942/ijcab.v5i3.186>.
- 2 Brock M.E., Anderson E.J. Training paraprofessionals who work with students with intellectual and developmental disabilities: What does the research say? [Text] / M.E. Brock, E.J. Anderson // Psychology in the Schools. – 2021. – Vol. 58(4) – pp. 702-722. DOI: <https://doi.org/10.1002/pits.22386>.
- 3 Ramadhani F., Indrianawati I., Fardana N.A. Perceveid Organizational support: A Case of Spechial Education Teacher [Electronic resource] / F. Ramadhani, I. Indrianawati, N.A. Fardana // EAI. – 2020. URL: <https://eudl.eu/doi/10.4108/eai.3-10-2019.2291933> (accessed 20 September 2025).
- 4 Шумилова Е.А., Чернышенко Н.С. Профессиональный портрет педагога – компонент бренда инклюзивной дошкольной образовательной организации [Текст] / Е.А. Шумилова, Н.С. Чернышенко // Гуманитарные технологии в современном мире: материалы VIII Международной научно-практической конференции. – Калининград. – 2020. – №2. – С. 84-85.
- 5 Азатян Т.Ю., Асланян А.А. Исследование уровня информированности педагогов, работающих с детьми с тяжелыми и множественными нарушениями развития, в Армении [Электронный ресурс] – 2021. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/issledovanie-urovnya-informirovannosti-pedagogov-rabotayuschih-s-detmi-s-tyazhelyimi-i-mnozhestvennymi-narusheniyami-razvitiya-v> (Дата обращения: 15.08.2025).
- 6 Fujino H., Matsumoto M., Mieno A. Interactions between special education teachers and children with chronic complex conditions [Text] / H. Fujino, M. Matsumoto, A. Mieno // F1000 Research. – 2023. DOI: <https://doi.org/10.12688/f1000research.129122.2>.
- 7 Абаева Г.А., Оразаева Г.С. Подходы к образованию лиц с «особыми нуждами» и опыт подготовки специальных педагогов в странах Восточной Европы [Текст] / Г.А. Абаева, Г.С. Оразаева // Вестник КазНПУ им. Абая. Серия «Педагогические науки». – 2024. – №1(81). – С. 24-36. DOI: <https://doi.org/10.51889/2959-5762.2024.81.1.003>.
- 8 Дюсенбаева Б.А. Подготовка специального педагога к работе в условиях инклюзивного образования [Текст]: диссер. на соискание ученой степени доктора философии PhD / Б.А. Дюсенбаева. – Алматы: КазНПУ имени Абая, 2022. – 120 с.
- 9 Dyussenbaeyeva B., Kuznetsova M., Alpysbayeva M., Nietbaeva G. Training a special teacher: Opinions and experience of teachers in the conditions of inclusive education [Text] / B. Dyussenbaeyeva, M. Kuznetsova, M. Alpysbayeva, G. Nietbaeva // Cypriot Journal of Educational Sciences. – 2022. – Vol. 17(3). – pp. 920-929. DOI: <https://doi.org/10.18844/cjes.v17i3.6985>.
- 10 Crispel O., Kasperski R. The impact of teacher training in special education on the implementation of inclusion in mainstream classrooms [Text] / O. Crispel, R. Kasperski // International Journal of Inclusive Education. – 2021. – Vol. 25. – Iss. 9. – pp. 1079-1090. DOI: <https://doi.org/10.1080/13603116.2019.1600590>.
- 11 Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың ұлттық-ғылыми практикалық орталығы [Электрондық ресурс] URL: <https://special-edu.kz/kz/> (Жүгінген күні: 23.08.2025).
- 12 Сагитова Ж.М. Педагогическая практика как основа практико-ориентированного обучения [Текст] / Ж.М. Сагитова // Вестник КазНПУ им. Абая. Серия «Педагогические науки». – 2021. – № 3(71). – с. 71-78. DOI: <https://doi.org/10.51889/2021-3.1728-5496.08>.
- 13 Билялова Д.Н., Мовкебаева З.В. Подготовка специальных педагогов в Казахстане [Текст]: монография / Д.Н. Билялова, З.В. Мовкебаева. – Алматы, 2023 г. – 358 с.
- 14 Билялова Д.Н., Мовкебаева З.В. Зарубежный опыт подготовки специалистов для работы с детьми с ограниченными возможностями [Текст]: монография / Д.Н. Билялова, З.В. Мовкебаева. – Алматы, 2024 г. – 324 с.

REFERENCES:

- 1 Isaboke H., Mweru M., Wambiri G. Teacher Preparedness and Implementation of the Competency Based Curriculum in Public Pre-Primary Schools in Nairobi City County, Kenya. *International Journal of Current Aspects*, 2021, vol. 5, iss. 3, pp. 32-53. DOI: <https://doi.org/10.35942/ijcab.v5i3.186>.
- 2 Brock M.E., Anderson E.J. Training paraprofessionals who work with students with intellectual and developmental disabilities: What does the research say? *Psychology in the Schools*, 2021, vol. 58(4), pp. 702-722. DOI: <https://doi.org/10.1002/pits.22386>.

3 **Ramadhani F., Indrianawati I., Fardana N.A. Perceveid Organizational support: A Case of Spechial Education Teacher.** EAI. – 2020. Available at: <https://eudl.eu/doi/10.4108/eai.3-10-2019.2291933> (accessed 20 September 2025).

4 **Shumilova E.A., Chernyshenko N.S. Professional'ny'j portret pedagoga – komponent brenda inkluzivnoj doshkol'noj obrazovatel'noj organizacii** [The professional portrait of a teacher as a component of the brand of an inclusive preschool educational organization]. *Gumanitarny'e tehnologii v sovremennom mire: materialy' VIII Mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferencii*, Kaliningrad, 2020, no. 2, pp.84-85. (In Russian)

5 **Azatyany T.Yu., Aslanyan A.A. Issledovanie urovnya informirovannosti pedagogov, rabotayushhih s det'mi s tyazhely'mi i mnozhestvenny'mi narusheniyami razvitiya, v Armenii** [Research on the Awareness Level of Teachers Working with Children with Severe and Multiple Developmental Disabilities in Armenia]. Available at: <https://cyberleninka.ru/article/n/issledovanie-urovnya-informirovannosti-pedagogov-rabotayushchih-s-detmi-s-tyazhelymi-i-mnozhestvennymi-narusheniyami-razvitiya-v> (accessed 15 August 2025). (In Russian)

6 **Fujino H., Matsumoto M., Mieno A. Interactions between special education teachers and children with chronic complex conditions.** *F1000 Research*, 2023, vol.12, art. 23. DOI: <https://doi.org/10.12688/f1000research.129122.2>.

7 **Abayeva G.A., Orazayeva G.S.. Podhody' k obrazovaniyu lic s «osoby'mi nuzhdami» i opyt' podgotovki spezial'ny'h pedagogov v stranah Vostochnoj Evropy'** [Approaches to the education of people with “special needs” and the experience of training special educators in Eastern European countries] *Vestnik KazNPU im. Abaya, seriya «Pedagogicheskie nauki»*, 2024, no.1(81), pp. 24-36. DOI: <https://doi.org/10.51889/2959-5762.2024.81.1.003>. (In Russian)

8 **Dyusenbayeva B.A. Podgotovka spezial'nogo pedagoga k pabote v usloviyah inklusivnogo obrazovaniya** [Preparing a special educator to work in an inclusive education environment]. Dissertation from PhD thesis. KazNPU im. Abaya, Almaty, 2022, 120 p. (In Russian)

9 **Dyussenbaeyeva B., Kuznetsova M., Alpysbayeva M., Nietbaeva G. Training a special teacher: Opinions and experience of teachers in the conditions of inclusive education.** *Cypriot Journal of Educational Sciences*, 2022, vol. 17(3), pp. 920-929. DOI: <https://doi.org/10.18844/cjes.v17i3.6985>.

10 **Crispel O., Kasperski R. The impact of teacher training in special education on the implementation of inclusion in mainstream classrooms.** *International Journal of Inclusive Education*, 2021, vol. 25, iss. 9, pp. 1079-1090. DOI: <https://doi.org/10.1080/13603116.2019.1600590>.

11 **Arnajy zhane inkluzivti bilim berudi damytudyn ulttyk-gylymi praktikalyk ortalyygy** [National scientific and practical Center for the development of special and inclusive education]. Available at: <https://special-edu.kz/kz/> (accessed 23 August 2025). (In Kazakh)

12 **Sagitova Zh.M. Pedagogicheskaya praktika kak osnova praktiko-orientirovannogo obucheniya** [Pedagogical practice as a basis for practice-oriented learning]. *Vestnik KazNPU im. Abaya, seriya «Pedagogicheskie nauki»*, 2021, no.3(71), pp. 71-78. DOI: <https://doi.org/10.51889/2021-3.1728-5496.08>. (In Russian)

13 **Bilyalova D.N., Movkebaeva Z.V. Podgotovka spezial'ny'h pedagogov v Kazahstane** [Training of special educators in Kazakhstan]. Almaty, 2023, 358 p. (In Russian)

14 **Bilyalova D.N., Movkebaeva Z.V. Zarubezhny'j opyt' podgotovki specialistov dlya raboty' s det'mi s ograničenny'mi vozmozhnostyami** [Foreign experience in training specialists to work with children with disabilities]. Almaty, 2024, 324 p. (In Russian)

Авторлар туралы мәліметтер:

Мукажанова Эльмира Тайтолеуовна* – PhD докторант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан Республикасы, 050063 Алматы қ., Көкжиек ы/а, 18 үй, тел.: +77026489659; e-mail: elmira_mukajanova@mail.ru.

Абаева Галия Аскарбековна – педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан Республикасы, 050063 Алматы қ., Навои көш. 1 үй, тел.: +77015962121; e-mail: abaeva70@bk.ru.

Мукажанова Эльмира Тайтолеуовна* – PhD-докторант, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Республика Казахстан, 050063 г. Алматы, мкрн. Көкжиек д. 18, тел.: +77026489659, e-mail: elmira_mukajanova@mail.ru.

Абаева Галия Аскарбековна – кандидат педагогических наук, профессор, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Республика Казахстан, 050063 г. Алматы, ул. Навои д. 1, тел.: +77015962121, e-mail: abaeva70@bk.ru.

Mukazhanova Elmira Taitoleuovna* – PhD student, Abai Kazakh National Pedagogical University, Republic of Kazakhstan, 050063, Almaty, 18 Kokzhiek micro district, tel.: +77026489659; e-mail: elmira_mukajanova@mail.ru.

Abayeva Galiya Askarbekovna – Candidate of Pedagogical Sciences, Professor, Abai Kazakh National Pedagogical University, Republic of Kazakhstan, 050063, Almaty, 1 Navoi Str., tel.: +77015962121; e-mail: abaeva70@bk.ru.

XFTAP 14.35.09

ӨОЖ 372.854

<https://doi.org/10.52269/NTDG2542213>

ХИМИЯНЫ ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ПАРАДИГМАСЫ: АЛЮМИНИЙ ӨНДІРІСІ МЫСАЛЫНДА ТҰРАҚТЫ ДАМУ ИДЕЯЛАРЫН ИНТЕГРАЦИЯЛАУ

Мұхамбетәлиева З.Ш.* – PhD докторант, Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы.

Қорғанбаева Ж.Қ. – химия ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы, Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы.

Бұл мақалада жоғары оқу орындарында білім беруде тұрақты даму мақсаттарын кіріктірудің ғылыми-әдістемелік негіздері қарастырылды. Біріккен Ұлттар Ұйымы ұсынған 2030 күн тәртібі мен «Тұрақты даму үшін білім беру» тұжырымдамалары басшылыққа ала отырып, студенттердің экологиялық сауаттылығын арттырып және жүйелік ойлауын қалыптастыруға бағытталған тәжірибелік зерттеу жүргізілді. Зерттеудің негізі химиялық технология пәнін оқытуда тұрақты даму мақсаттарымен сабақтастыра оқыту. Зерттеу барысында арнайы оқу моделі әзірленіп, тақырып бойынша тұрақты дамуға негізделген оқыту әдістері қарастырылды. Студенттердің тұрақты даму мақсаттарымен кіріктірілген тақырыпты түсінуін қамтамасыз ету үшін арнайы кейстік тапсырмалар ұсынылды және сауалнама жүргізілді. Сауалнама нәтижелері студенттердің басым бөлігі тұрақты даму мақсаттары туралы бастапқы түсінігі бар екенін, алайда химиямен байланысы туралы жеткіліксіз білетіндерін көрсетті. Осыған байланысты оқу үдерісіне жүйелі кіріктірудің қажеттілігі айқындалды. Зерттеу нәтижелері тұрақты даму мақсаттарын жоғары оқу орындарында білім беруде кіріктіру үшін химиялық технология пәні негізінде таңдалған «Алюминий өндірісі» тақырыбы аясында алынды. Бұл тақырыпты тұрақты дамудың жетінші, тоғызыншы, он екінші мақсаттарымен байланыстырып, студенттердің экологиялық ойлау, ғылыми талдау және азаматтық жауапкершілік сияқты болашақ маманға ретінде дамытатын қабілеттерін дамытуға негізделді. Жоғары оқу орындарында пәндік білімді жаһандық мәселелермен ұштастыра оқыту студенттердің кәсіби құзыреттілігін арттырып, оларды тұрақты қоғам құруға үлес қосатын белсенді тұлға ретінде қалыптастырудың тиімді жолының бірі екені айқындалды.

Түйінді сөздер: тұрақты даму мақсаттары, химиялық білім, алюминий өндірісі, жауапты тұтыну, қайта өңдеу.

НОВАЯ ПАРАДИГМА ПРЕПОДАВАНИЯ ХИМИИ: ИНТЕГРАЦИЯ ИДЕЙ УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ НА ПРИМЕРЕ ПРОИЗВОДСТВА АЛЮМИНИЯ

Мұхамбетәлиева З.Ш.* – PhD докторант, Казахский Национальный Педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Республика Казахстан.

Қорғанбаева Ж.Қ. – кандидат химических наук, старший преподаватель, Казахский Национальный Педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Республика Казахстан.

В этой статье рассматриваются научно-методологические основы интеграции целей устойчивого развития (ЦУР) в высшем образовании. Руководствуясь повесткой дня 2030 года Организации Объединенных Наций и концепцией «Образование для устойчивого развития», было проведено эмпирическое исследование, направленное на повышение экологической грамотности студентов и формирование их системного мышления. Исследование сосредоточено на интеграции ЦУР в процесс преподавания дисциплины химическая технология. В ходе исследования была разработана специальная учебная модель, рассмотрены методы обучения, основанные на устойчивом развитии. Для обеспечения понимания студентами темы, интегрированной с ЦУР, были предложены специальные кейс-задания, а также проведен опрос. Результаты опроса показали, что большинство студентов имеют первоначальное представление о ЦУР, но недостаточно знают о их связи с химией. В связи с этим была выявлена необходимость системной интеграции ЦУР в образовательный процесс. Результаты исследования были получены на основе темы «Производство алюминия» в рамках дисциплины химическая технология, связанной с седьмой, девятой и двенадцатой целью ЦУР. Эта тема была направлена на развитие экологического мышления студентов, научного анализа и гражданской ответственности, что является важными